

Экономикалық дағдарыс жағдайында елдің саяси және әлеуметтік тұрақтылығын қамтамасыз ету туралы меморандумның 2 және 4 тармақшаларын іске асыру шеңберінде диалогтық алаңдарды құру бойынша ұйымдастыру отырысының хаттамасы

Астана қаласы
«Нұр Отан» ХДП ПОА

2009 жылғы 31 наурыз
сағат 15.00-де

Меморандумға қатысушылар Экономикалық дағдарыс жағдайында елдің саяси және әлеуметтік тұрақтылығын қамтамасыз ету туралы меморандумның 2 және 4 тармақшаларын іске асыру шеңберінде диалогтық алаңдардың жұмыс істеуі мен қызметі мәселелерін талқылап, **ШЕШТІ:**

1. Дағдарысқа қарсы шараларды әзірлеу бойынша партияаралық кеңесті және Саяси блок ұсыныстарын әзірлеу бойынша көп партиялық топты біріктіруге қатысты нормасын қоспағанда Дағдарысқа қарсы шараларды әзірлеу бойынша партияаралық кеңестің (бұдан әрі - Кеңес) қызметі бойынша «Әділет» Демократиялық партиясының ұсыныстары қабылдансын.

2. «Нұр Отан» ХДП Орталық аппаратына үстіміздегі жылғы 4 сәуірге дейінгі мерзімге саяси блок ұсыныстарын әзірлеу және талқылау бойынша әр партиядан сарапшы кандидатуралары ұсынылсын.

3. Үстіміздегі жылғы 7 сәуірде «Нұр Отан» ХДП Орталық аппаратының ғимаратында Кеңестің бірінші отырысы келесі күн тәртібінде өткізілсін: «АПК дағдарысқа қарсы шараларды іске асыру барысы»; екінші отырысы банктік салаға арналсын; үшінші отырыс халықты қамту проблемаларына; төртінші отырыс импортуыстыру және отандық тауар өндірушілерін қолдау бағдарламасын іске асыруға қатысты.

4. БАҚ Экономикалық дағдарыс жағдайында елдің саяси және әлеуметтік тұрақтылығын қамтамасыз ету туралы меморандумның 2 және 4 тармақшаларын іске асыру шеңберінде диалогтық алаңдарды құру бойынша ұйымдастыру отырысын өткізуге қатысты баспасөз-релизі жіберілсін.

5. «Әділет» Демократиялық партиясының ұсынысы бойынша Саяси блок ұсыныстарын әзірлеу бойынша көп партиялық топтың бірінші отырысында Сот жүйесінің проблемасы талқылансын.
